**Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану бойынша құжаттардың нысандарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы әкімінің 2012 жылғы 15 тамыздағы № 5 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 тамызда № 2141 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды ( Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 02 ақпандағы N 08-18-185 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013.02.01 N 08-18-185 хаты).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 29-бабының 2-тармағына сәйкес және «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 516 қаулысын орындау үшін, **ШЕШЕМІН:**

1. Осы шешімге 1, 2, 3, 4, 5 – қосымшаларға сәйкес Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану бойынша құжаттардың нысандары бекітілсін.

2. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (Т. Қалжанұлы):

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді хабардар етуді қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдасын;

2012 жыл ішінде субсидиялауды орындасын;

осы шешімнен туындайтын өзге де шараларын қабылдасын.

3. Маңғыстау облысы әкімінің аппараты (А.Ж. Абдыхалық) осы шешімнің интернет-ресурста жариялануына бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.К. Мұқановқа жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі Б. Мұхаметжанов*

«КЕЛІСІЛДІ»

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы ___________ Т. Қалжанұлы

15 тамыз 2012 ж.

Маңғыстау облысының қаржы басқармасының бастығы ___________ М.Б. Әлібекова

15 тамыз 2012 ж.

Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы ___________ Ш.Л. Илмұханбетова

15 тамыз 2012 ж.

Маңғыстау облысы әкімінің 2012 жылғы 15 тамыз № 5 шешіміне 1-қосымша

**Асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу – сату шарты № ____**

____________ 2012 ж. «___»_________ (елді мекен)

Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектісі ________________________ (толық атауы) ____________________________________ атынан ____________________________ (қызметі, толық аты-жөні)

Жарғының және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) «___»_________20__жылғы берілген № ____ Аттестатының (куәліктің) негізінде әрекет етуші, бұдан әрі Сатушы деп аталатын, бір тараптан, Сатып алушы _______________________________________ _________________________________ (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің толық атауы – керегін көрсету)

екінші тараптан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін _____________________ (толық аты-жөні)

басшысы тұлғасында, асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу – сату жөнінде осы шартты жасастық.

## 1. Шарттың мәні

1.1. Сатушы сатады, Сатып алушы құнын төлеп, сатып алады _____________
_______________________________________________
(ескертуге сәйкес толтырылады*)

## 2. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) саны

2.1. Осы шарт бойынша қарастырылған Сатушының сататын және Сатып алушының сатып алатын асыл тұқымды өнімнің (материалдың) саны __________ бас, жалпы тірілей салмағы ______ кг құрайды, оның ішінде:

1) элита рекорд __________бас, тірілей салмағы __________кг;

2) элита __________ бас, тірілей салмағы __________ кг;

3) I класс __________ бас, тірілей салмағы __________ кг;

4) II класс __________ бас, тірілей салмағы __________ кг.

## 3. Шарттың жалпы құны

3.1. Осы шарттың жалпы құны тиесілі субсидияны есептемегенде__________ ________________________________________ теңге. (цифрлармен және жазбаша)

3.2. Субсидияны есептемегенде, асыл тұқымды өнімнің (материалдың) класына байланысты асыл тұқымды өнімнің (материалдың) бір басының бағасы:

1) элита рекорд ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;

2) элита ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;

3) I класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;

4) II класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге.

3.3. Сатушыға тиесілі субсидияның мөлшері_______________теңге,
(цифлармен және жазбаша)

оның ішінде (асыл тұқымды өнімнің (материалдың) класына байланысты):

1) элита рекорд ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;

2) элита____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;

3) I класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;

4) II класс____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге.

## 4. Есеп айырысу шарты

4.1. Төлем нысаны: _____________________________________________
(қолма-қол және есеп шоттық есеп айырысу, №, күні және
_____________________________________________________________________
төлем құжатының атауы

## 5. Тараптардың міндеттері

5.1. Сатушы міндеттенеді:
осы шарттың 2.1. тармағында көрсетілгендей Сатып алушыға сапалы асыл тұқымды өнім (материал) көлемін сату;
сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) барлық көлеміне асыл тұқымдық және ветеринарлық куәліктерді Сатып алушыға беру.
5.2. Сатып алушы міндеттенеді:
сатып алынған асыл тұқымды өнімге төленгеннен кейін бір апта ішінде ( сатушының аумағында карантиндік шараларды есептемегенде) оларды өз аумағына шығаруды қамтамасыз ету;
сатып алынған асыл тұқымды өнімнің көлемі туралы аудандық асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша мемлекеттік инспекторды келген жері бойынша хабардар ету;
асыл тұқымды өнімді (материалды) тек қана асылдандыру мақсатында пайдалану;
табынның өз төлінен өсірудегі асыл тұқымды төл:
асыл тұқымды тоқтыларды және інгендерді екі рет төлдегенге дейін (боталау) ;
асыл тұқымды бураларды шағылыстыру маусымы – кемінде екі рет ( шағылыстыру маусымы мамыр-қазан айлары).
Асыл тұқымды малдардың белгіленген мерзімнен ерте шығарылған жағдайда иесі округтің ветеринар дәрігерімен және мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен себебін көрсетіп шығарылу туралы акті толтырады.

## 6. Ерекше шарттар

6.1. Осы шарт 3 данада жасалады және Сатушы мен Сатып алушы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

## 7. Тараптардың занды мекен – жайлары мен деректемелері

| «Сатушы» | «Сатып алушы» |
| --- | --- |
| ________________________ | ______________________ |
| (пошталық мекен – жайы) | (пошталық мекен – жайы) |
| __________________________ | ________________________ |
| (банкілік деректемелері) | (банкілік деректемелері) |
| __________________________ | ________________________ |
| (басшының ТАӘ, қолы) | (ТАӘ, қолы) |
| МО | МО |

Ескерту:

* асыл тұқымды төлді сатып алған кезде жануарлардың түрі, тұқымы, жыныстық-жастық тобы және олардың жасы көрсетіледі.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша аумақтақ бөлімшенің мемлекеттік инспекторлары өз құзыреттілігі шегінде өз қызметтерін жүзеге асырады.

Сатып алынатын асыл тұқымды малдардың жасы артық болмауы қажет:

Қойлар.

Ұрғашы тоқтылар – 18 айға дейін;

Тоқты қошқарлар – 18 айға дейін.

Түйелер

Ұрғашылары – 3 жасқа дейін;

Еркектері –5 жасқа дейін.

Маңғыстау облысы әкімінің 2012 жылғы 15 тамыз № 5 шешіміне 2-қосымша

**Сатып алынған асыл тұқымды өнімге (материалға) 2012 жылы субсидия алуға ӨТІНІМ**

1. Тауар өндіруші_____________________________________________.

(тауар өндірушінің атауы – сатып алушы)

2. 2012 жылғы 1 қаңтарға қолда бары__________________________

(малдың түрін, тұқымын, өнімділік бағытын көрсету)

бас, оның ішінде аналық мал _______бас (мал бар болған жағдайда толтыру).

3. 2012 жылы ______бас, жалпы тірілей салмағы ____ кг сатып алу жоспарланды, оның ішінде аналықтар_____бас, жалпы тірілей салмағы ____ кг ( малдың түрі, тұқымы және өнімділік бағыты көрсету).

4. _____бас, жалпы тірілей салмағы ____ кг сатып алуға ниетті шарты бар, оның ішінде аналық _____ бас, жалпы тірілей салмағы ____ кг (бар болған жағдайда көрсету).

5. Асыл тұқымды малдарды сатушы________________________________

(асыл тұқымды __________________________________________

––––––––––––––––––––––––––––––

мал шаруашылығының атауы – сатушы)

6. Сатып алынған мал басын сатып алу – сату шартында көрсетілген мерзімде әрі қарай өз төлінен өсіру үшін қолдануға міндеттенемін.
7. Селекциялық және асылдандыру жұмысының бірыңғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы ____иә/____ жоқ.
8. Тауар өндірушінің мекен-жайы (толық) ______________________.
9. Өтінімге келесі құжаттар қосылады:
1) ветеринариялық қолайлылығы туралы анықтама;
2) заңды тұлғаның тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің көшірмесі;
3) клиенттің салық есебінде тұрғанын растайтын, салық органымен берілген құжаттың көшірмесі;
4) банктегі есеп шоттың болуы туралы, оның нөмірі көрсетілген банктің анықтамасы;
5) ақпараттық үлгіде көрсетілген сараптамалық ветеринарлық және зоотехникалық есеп жүргізу жүйесін енгізуге міндеттеме.

ЖШС басшысы, ШҚ басшысы___________________(мөрі, Т.А.Ә., қолы) «___» _________ 2012 жыл

«Растаймын»
______________облысы __________ ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы ___________________________________________(Т.А.Ә., қолы, мөрі)
«___»_________ 2012 жыл

Маңғыстау облысы әкімінің 2012 жылғы 15 тамыз № 5 шешіміне 3-қосымша

«Бекітемін»
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы
____________________________
(мөрі, Т.А.Ә., қолы)
2012 жылғы «___» __________

**Асыл тұқымды өнім (материал) _________________________________**
**(асыл тұқымды жас мал)**
**сатып алғаны және Маңғыстау облысы бойынша тиесілі субсидияның сомасы туралы жиынтық акті***
**2012 жылғы ____________________**
**(айына)**

| | | | Саны | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| Сатып алушының атауы, оның деректемелері | Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) түрі ** | Төлем құжатының атауы, күні және № | бас, асыл тұқымды мал | тірілей салмағы килограмм | Сатушының атауы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ | | | | | |

* әрбір сатып алынған асыл тұқымды өнім (материал) түріне бөлек толтырылады ;

** сатып алынған асыл тұқымды малдың жыныстық-жастық топтары міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Маңғыстау облысы әкімінің
2012 жылғы 15 тамыз
№ 5 шешіміне
4-қосымша

## Маңғыстау облысы бойынша 2012 жылғы «___» ________ бюджет қаражатын игеру бойынша есеп ( ақпарат) *

| № р/с | Асыл тұқымды өнімнің ( материалдың ) атауы | Жеткізілген квота | | | Жеткізілген қаржыландыру жоспары мың теңге** | Нақты сатылғаны, қолданылғаны *** | | | Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында өңдеуде жатыр | | | Сатып алы тұқымды ө қолданылғ тұқымды м нақты төле | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бас | тірі салмағы кг | субсидия сомасы, мың теңге | | бас | тірі салмағы кг | субсидия сомасы, мың теңге | бас | тірі салмағы кг | субсидия сомасы, мың теңге | бас | тірі салмағы кг |
| 1 | түйелер | | | | | | | | | | | | |
| 2 | қойлар | | | | | | | | | | | | |
| | Барлығы | | | | | | | | | | | | |

* ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 – күнінен кешіктірмей ұсынылады
** жылдың басынан есептесу күніне
*** сатып алынған асыл тұқымды өнімнің және қолданылған асыл тұқымды материалдың барлық көлемі.

Маңғыстау облысы әкімінің
2012 жылғы 15 тамыз
№ 5 шешіміне
5-қосымша

«Бекітемін»
Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының бастығы

____________________________

(мөрі, Т.А.Ә., қолы)

2012 жылғы «___» __________

## Маңғыстау облысы бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу көлемі жөніндегі есеп (ақпарат) *

| Атауы | | Субсидия сомасының өлшем бірлігі, мың теңге | Жеткізілген квота | | | Сатушы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алушының | Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) | | бас | кг. тірілей салмағы, мың дана | субсидия сомасы, мың теңге | асыл тұқымды зауыт | | асыл тұқымды шаруашылық | | ауыл шаруашылық тауарын өндіруші | |
| | | | | | | кг. тірілей салмағы, мың дана | сомасы, мың теңге | кг. тірілей салмағы, мың дана | сомасы, мың теңге | бас | сомасы, мың теңге |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

* әрбір сатып алынған асыл тұқымды өнім (материал) түріне бөлек толтырылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК